

<sup>1</sup>Рыскалиев С.Н. , <sup>1</sup>Дошыбеков А.Б. , <sup>2</sup>Испулова Р.Н.

<sup>1</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

## БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ПЕДАГОГЫНЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Рыскалиев Саят Нурболатович, Дошыбеков Айдын Багдатович, Испулова Роза Набиевна

**Болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудағы цифрлық технологиялар**

**Аңдатпа.** Мақалада болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Авторлар ғылыми-педагогикалық, психологиялық, арнайы, әдістемелік әдебиеттерге талдау жүргізу арқылы «басқарушылық құзыреттілік» ұғымының мәнін анықтауға тырысқан. Ғылыми зерттеулер талдауы көрсеткендей, заманауи дене мәдениеті педагогына өз іс-әрекетіне рефлексия, талдау жасау маңызды және сол арқылы өз-өзін жетілдіру жолдары мен жұмыстарын жолға қою туралы шешім қабылдау. Ғалымдар басқарушылық құзыреттілікке эмоционалдық креативтілік пен лидерлік стильдермен байланысты басқарушылық интеллектіні жатқызады. Ғылыми еңбектерге жасаған талдауларға сүйене отырып, ізденуші «болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі» ұғымына авторлық анықтама береді. Болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша авторлар дене мәдениеті және спортты басқару саласындағы кадрлар даярлаудың шетелдік тәжірибесін зерделеуге тырысқан. Болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша әдістемелік, ақпараттық-коммуникациялық жағынан күшейтуді жөн көріп, онлайн оқыту барысында аса маңызға ие болған цифрлық ресурстарды тиімді пайдалануды қарастырады.

**Түйін сөздер:** дене мәдениеті, басқару, басқарушылық құзыреттілік, цифрлық технология, болашақ дене мәдениеті педагогы, спорт.

Ryskaliyev Sayat Nurbolatovich, Doshybekov Aydin Bagdatovich, Ispulova Rosa Nabievna

**Digital technologies for the formation of managerial competence of future physical education teachers**

**Abstract.** The article deals with the problem of forming the managerial culture of a future physical education teacher. The author tried to reveal the meaning of the concept of "managerial competence" based on the analysis of scientific, pedagogical, psychological, special, methodological literature. As the analysis of scientific research shows, it is important for a modern physical education teacher to reflect on his activities, analyze and, based on this, make decisions on self-improvement and search for ways to improve the means of his professional activity. Scientists characterize managerial competence as managerial intelligence associated with emotional creativity and leadership styles. Based on the analysis of scientific papers, the applicant tried to formulate his vision and definition for the concept of "managerial competence of a future physical education teacher". The author studied the foreign experience of training personnel in the field of sports management and physical education in order to form the managerial culture of the future teacher of physical education. To form the managerial culture of the future physical education teacher, the experience of using digital technologies is given, which increased its importance during online training.

**Key words:** physical culture, management, managerial culture, digital technologies, future physical education teacher, sport.

Рыскалиев Саят Нурболатович, Дошыбеков Айдын Багдатович, Испулова Роза Набиевна

**Цифровые технологии в формировании управленческой компетентности будущих педагогов физической культуры**

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема формирования управленческой культуры будущего учителя физической культуры. Авторы на основе анализа научно-педагогической, психологической, специальной, методической литературы попытались раскрыть значение понятия «управленческая компетентность». Как показывает анализ научных исследований, современному педагогу физической культуры важно осуществлять рефлекссию своей деятельности, анализ и на основе этого принимать решения по самосовершенствованию и поиску путей улучшения средств своей профессиональной деятельности. Ученые управленческую компетентность характеризуют как управленческий интеллект, связанный с эмоциональной креативностью и лидерскими стилями.

Основываясь на анализ научных трудов, соискатели попытались сформулировать свое видение и определение к понятию «управленческая компетентность будущего педагога физической культуры». Был изучен зарубежный опыт подготовки кадров в сфере управления спортом и физической культуры в целях формирования управленческой культуры будущего учителя физической культуры. Для формирования управленческой культуры будущего учителя физической культуры приводится опыт использования цифровых технологий, который обозначил свою важность во время онлайн-обучения.

**Ключевые слова:** физическая культура, управление, управленческая культура, цифровые технологии, будущий педагог физической культуры, спорт.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда дене мәдениеті педагогын даярлау оқыту үрдісін ұйымдастыруды болашақ кәсіби іс-әрекетін ұйымдастырумен жоғары деңгейде байланыстырумен сипатталады, яғни студентті тек қана мектеп жағдайындағы жұмысқа бағдарлау, нақты функционалдық міндеттерін анықтау. Бұның барлығы бітіруші түлектердің кәсіби мен өзінің кәсіби іс-әрекеті туралы ойын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда педагогтың кәсіби функцияларын дамытуда ерекше тенденция байқалуда, оның мәні педагогтың өз пәнін біліп, өз еңбегін ұйымдастыруға қабілетті болуға бағдарлану ғана емес, ең алдымен, білім беру жүйесінде болып жатқан инновациялық жаңарулар жағдайында оның өз бетінше әрекет етуге жауапкершілігін арттырып, оқушылардың оқу-таным іс-әрекетін тиімді басқаруға қабілеттілігін қалыптастыру.

Заманауи білім беру жүйесінің басты мақсаты – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз кәсібін еркін меңгерген білікті маман даярлау.

**Зерттеудің мақсаты:** ғылыми-педагогикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерді талдау арқылы «болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі» ұғымының мәнін ашып, аталмыш құзыреттілікті қалыптастыруда цифрлық құралдарды пайдалану.

#### **Зерттеудің міндеттері:**

1. «Болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі» ұғымының мәнін ашу.
2. Дене мәдениеті және спортты басқару саласындағы кадрлар даярлаудың шетелдік тәжірибесін зерттеу.

3. Болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруда цифрлық технологияларды пайдалану.

**Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы.** Зерттеу барысында келесідей әдістер пайдаланылды: философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасау, ғалымдардың пікірлерін, көзқарасын зерделеп, жүйелеу, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, салыстыру.

Зерттеу жұмысы 2020-2022 оқу жылдарында ұйымдастырылып, жүзеге асырылды.

**Зерттеудің нәтижелері мен оларды талқылау.**

Баршамызға белгілі болғандай, соңғы кездері дене мәдениеті педагогына дәстүрлі оқыту, тәрбиелеу, дамыту іс-әрекеттерімен қатар, басқару саласына қатысты ерекше талаптары бар жаңа іс-әрекет түрі пайда болды. Бұл оқушылардың оқыту үрдісін түрлі әдіс, тәсіл және құралдарды пайдалана отырып басқару, қойылған мақсат пен оқытудың нақты жағдайларына сәйкес оқытудың тиімді әдіс, формаларды пайдалану туралы шешім қабылдау іс-әрекеті.

Ғылыми зерттеулер талдауы көрсеткендей, заманауи дене мәдениеті педагогына өз іс-әрекетіне рефлексия, талдау жасау маңызды және сол арқылы өз-өзін жетілдіру жолдары мен жұмыстарын жолға қою туралы шешім қабылдау.

Ғалымдар басқарушылық құзыреттілікке эмоционалдық креативтілік пен лидерлік стильдермен байланысты басқарушылық интеллектіні жатқызады (1-сурет) [1].



1-сурет – Басқарушылық құзыреттілік құрылымы

Болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігінің табиғатын зерттеу үшін біз бірнеше әдіснамалық амалдарды басшылыққа алдық. Жүйелелік амал ғылымда көптеген теориялық және қолданбалы міндеттерді шешуде кеңінен қолданылады.


Жүйелілік амалдың басты ерекшелігі – оны құрайтын элементтер мейлінше тәуелсіз болғанымен, олар бір-бірінен мүлде бөлек зерделенбейді. Яғни олар үнемі бір-бірімен тығыз байланыста кешенді түрде әрекет етеді деп есептеледі. Жүйелілік амалды біз болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруда әзірлеген модельде оның бес блогын жүйе ретінде қарастырамыз.

Іс-әрекеттік амал негізінде «басқарушылық құзыреттілік» ұғымы лауазымдық өкілеттерді кәсіби орындауға керекті білім мен басқару дағдыларыңыз әрекет ете алмайды, олар

«құзыреттілік» ұғымының ажырамас бөліктері. Білім берудегі тұлғаға бағытталған амал адамның жеке тұлға ретіндегі өмірлік, білімдік және кәсіби жағдаяттардағы басқарушылық іс-әрекет туралы идеяларды біріктіреді.

Басқарушылық құзыреттілік мәселесінің дамуына көз жүгіртсек, ғалым зерттеушілердің бірі Л.И. Берлим «басқарушылық құзыреттілік – маманның басқарушылық міндеттерді шешудегі ғылыми негізделген құралдарды меңгеру деңгейі» – деп сипаттаған [2].

В.Р. Веснин өз еңбектерінде басқарушылық құзыреттілікті маманның күнделікті және экстремалды жағдайда өз қызметін сапалы және қатесіз орындау қабілеті, – деп анықтаған [3]. Сонымен қатар, зерттеуші басқарушылық құзыреттіліктің өзге де түрлерін ұсынады: функционалдық құзыреттілік, зияткерлік құзыреттілік, жағдаяттық құзыреттілік (2-сурет).



2-сурет – Басқарушылық құзыреттілік түрлері (В.Р. Веснин)

Қазақстандық зерттеушілер Е.Х. Ишанов, А.С. Мағауова ақпараттық-басқарушылық құзыреттілік-басқарушылық іс-әрекетке қажет нақты теориялық білім, практикалық білік және дағдылар деңгейімен сипатталатын тұлғаның көп-компонентті сапасы, – деп айқындаған [4].

И.Б. Бичева, О.М. Филатова басшының басқарушылық құзыреттілігі маманнан кәсіби белсенділікті, батылдылықты, коммуникативтілікті, шынайы мәселелерді ұғыну мен талдауы және өз іс-әрекетін рефлексия жасауды талап етеді, – деп сипаттаған [5].

М.И. Марьина басқарушылық құзыреттілік басқарушылық іс-әрекетте көрініс табады дей келе, тиімді басқарушылық іс-әрекетті интеллектінің қалыптасқан рефлексивті деңгейімен және оның барлық ойлау үрдісіне қосылуымен сипаттайды [6].

Зерттеу аясында жүргізілген ғылыми еңбектерге жасаған талдауларға сүйене отырып, біз болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі деп – басқару саласындағы теориялық және тәжірибеге бағытталған білім, біліктер мен дағдыларды қамтитын, өзіндік

мінез-құлық моделі, өзін-өзі анықтау, сыни ойлау, шығармашылық, өз әрекетін рефлексиялау және білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының іс-әрекетін рефлексиялау үрдісін ұйымдастыру, өзін-өзі тану секілді ішкі ресурстарын іске асыру даярлығын түсінеміз [7].

Болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша біз дене мәдениеті және спортты басқару

саласындағы кадрлар даярлаудың шетелдік тәжірибесін зерделеуді жөн көрдік (1-кесте).

Кестеде біз Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарын – Мәскеу педагогикалық университеті, Ресей мемлекеттік дене шынықтыру, спорт, жастар және туризм университеті, Ресей көлік университетін және Беларусь мемлекетінің Беларусь мемлекеттік дене шынықтыру университетін қарастырдық.

1-кесте – Дене мәдениеті және спортты басқару саласындағы кадрлар даярлаудың шетелдік тәжірибесі

Жоғары оқу орны	Мамандық шифры және атауы	Академиялық дәрежесі және біліктілігі
Мәскеу педагогикалық университеті, <b>Ресей Федерациясы</b>	44.04.02 Психологиялық-педагогикалық білім беру: дене шынықтыру-спорт ұйымдары мен спорттық бағыттағы білім беру ұйымдарының дамуын басқару. Магистрлік бағдарлама, 2 жыл	Магистр
Беларусь мемлекеттік дене шынықтыру университеті, <b>Беларусь</b>	1-88-02 01-02 «Спорттағы менеджмент» бағыты бойынша бакалавриат	«Спорттағы менеджер. Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы» біліктілігі
Ресей мемлекеттік дене шынықтыру, спорт, жастар және туризм университеті, <b>Ресей Федерациясы</b>	38.04.02 Менеджмент. Бағыты: Спорттық менеджмент магистратура	Магистр
Ресей көлік университеті, <b>Ресей Федерациясы</b>	38.04.02 Менеджмент Спорт индустриясындағы менеджмент	Бакалавр

Сонымен, жоғарыда кестеде көрсетілгендей, дене шынықтыру және спорттағы басқару саласындағы мамандарды даярлау бойынша оң тәжірибе жинақталғанын айта аламыз.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша келесідей бағыттарда білім алуға мүмкіндіктер жасалған: «Спорт индустриясындағы менеджмент», «Спорттық менеджмент», «Дене шынықтыру-спорт ұйымдары мен спорттық бағыттағы білім беру ұйымдарының дамуын басқару» және т.б.

Зерттеу барысында біз аталмыш мәселе бойынша болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған эклективті курс әзірледік. «Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» атты эклективті курсты біз қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірлеп, «5B010800-Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары оқу орнының Білім беру бағдарламасына таңдау компоненті ретінде ұсындық.

Сонымен қатар, болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша әдістемелік, ақпараттық-

коммуникациялық жағынан күшейтуді жөн көріп, онлайн оқыту барысында аса маңызға ие болған цифрлық ресурстарды тиімді пайдалануды қарастырамыз.

Ең алдымен, анықтаушы эксперимент кезінде біз **Google Drive** (диск) платформасының мүмкіндіктерін пайдалануға тырыстық.


*Google Drive* – ақпараттарды, файлдарды сақтап қоюға, пайдалануға және өзге адамдармен бөлісіп бір мезетте бірге жұмыс жасауға қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік беретін тегін бұлтты платформа.

*Google Drive* мүмкіндіктерінің бірі – **Google forms** қосымшасын пайдаландық, яғни студенттерге сауалнама әзірлеп, тек қана сілтемесін беріп, жауап алу бізге өте қолайлы болды. Төменде суретте біз сауалнаманың көрінісін көрсеттік (3-сурет) [8].

*Google Drive* платформасының келесі мүмкіндігі – **Google Jamboard** цифрлы интерактивті онлайн тақтасы. *Google Jamboard* тақтасы көпфункционалды, оның инструменттері ретінде қалам, өшіргіш, стикер, курсор, суреттерді қосу, түрлі пішіндегі формалар, фломастер, маркер

атап өтуге болады. Тақта қашықтықтан оқыту жағдайында қатысушылардың саны бойынша көп білім алушылармен жұмыс жасауға


ыңғайлы. Сонымен қатар әріптестермен және студенттермен контент әзірлеуге, ақпарат теруге, мәтіндерді редакциялауға қолайлы.



3-сурет – Google.forms қосымшасындағы сауалнама көрінісі

*Google Jamboard* тақтасының ерекшеліктеріне: пайдаланушы суретіне фонын ауыстыру, шынайы уақытта бірлесе жұмыс жасап, өзгерістер енгізу, тақтада жасалған жұмыстың автоматты түрде сақталуы, бөлісу үшін тек қана сілтеме беру жеткілікті.

Біз жоғары оқу орнының оқыту үрдісінде қалыптастыру эксперименті барысында белгілі тақырып бойынша студенттермен *Google Jamboard* тақтасында жұмыс жасауға тырыстық (4-сурет) <https://jamboard.google.com/d/1Ws18Nt7efYtMznd23nNtBE3DvwGCslSgcg6Wr1WvE0k/viewer?f=0> [9].



4-сурет – Google Jamboard цифрлы тақтасындағы студенттердің бірлескен іс-әрекетінің нәтижесі

Келесі цифрлы инструмент – **LearningApps.org**, ол интерактивті жаттығулар жасауға арналған ресурс.

*LearningApps.org* – өзге де жоғарыда аталған цифрлы ресурстар сияқты тегін платформа, негізінен білімді тексеруге арналған. Педагог

үшін интерактивті жаттығу әзірлеу үшін тек қана тіркелуді қажет етеді, ал білімалушыға сілтеме берілсе жеткілікті. Жаттығулардың дайын шаблондары өте көп орналасқан.

Жаттығулар онлайн әзірленіп, сілтеме арқылы кіріп орындауға болады. Интерактивті жаттығулар ішінде шаблон ретінде жіктеме жасауға болатын, сәйкестендіруге бағытталған, қалып кеткен сөз немесе сөйлемді орнына қою, бірнеше нұсқада тест сұрақтарын құрастыру деген сияқты нұсқалар бар.

*LearningApps.org* сервисі әлемнің жиырма тілінде, соның ішінде қазақ және орыс тілдерінде жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Тапсырма әзірлеп болған соң, оны сақтап жариялау қажет. Аталмыш сервисің дизайны көз тартымды, жаттығу әзірлеу үшін мысалдар да келтірілген, сервис қарапайым әрі қолжетімді.


*LearningApps.org* ресурсында жаттығулар ғылым салалары бойынша бөлінеді, яғни педагогқа көмек ретінде кез келген пән бойынша дайын жаттығуларды көруге болады: спорт,

еңбек, тарих, математика және тағы басқалары. Егерде спорт категориясын таңдасаңыз, спорттың барлық түрлері реттілікпен орналасып, кез келген спорт түрі бойынша дайын жаттығуға назар аударуға болады.

Біз өз кезегімізде «Басқару» тақырыбының аясында интерактивті жаттығу жасап студенттерге сілтемесін бердік (5-сурет). <https://learningapps.org/watch?v=pn9ubpv2k22> [10].

Тапсырмада берілген сәйкестіктерге назар аударсақ, мысал ретінде:

- Басқару құзыреттілігі – басқаруға даярлық, білім, білік, дағды.
- Басқару – белгілі бір мақсатқа жету үшін басқарылатын жүйеге белсенді ықпал ету.
- Менеджердің функциясы – жоспарлау.
- В.М. Шепель бойынша басқару – мойныңа міндет алу.
- Құзыреттілікті зерттеген ғалым – И.А.Зимняя.
- А.А.Урбанович еңбектерінде басқару – элемент, функция, басшылық.



5-сурет – LearningApps.org платформасындағы тапсырманың мысалы

Жоғарыда қарастырылған цифрлық технологиялар бойынша ойымызды түйіндей келе, болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады деп айта аламыз, онлайн оқыту жағдайында аса тиімді құралдар қатарына жатқыза аламыз және барлық аталған цифрлық ресурстар маманның жаңашылдықты игеріп, цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталады.

**Қорытынды.** Зерттеу бойынша көздеген мақсат пен міндеттер өз шешімін тапты деп айтуға болады. «Болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі» ұғымының мәнін ашуға, дене мәдениеті және спортты басқару саласындағы кадрлар даярлаудың шетелдік тәжірибесін зерттеуге және болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруда цифрлық техно-

логияларды пайдалану тәжірибесімен бөлісуге тырыстық.

Жалпы цифрлық технологиялар бүгінгі қоғамның, еңбек нарығының, білім беру ортасының

жаңашылдығы әрі қажеттілігі. Цифрлық технологияларды педагогқа игеру білім беру үрдісін тиімді басқарып, сапалы көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндіктер береді.

## Әдебиеттер

- 1 Ясько Б.А. Формирование управленческих компетенции врача в системе послевузовского образования // Вопросы психологии. – 2015. – № 2. – С.67-77.
- 2 Берлим Л.И. Управленческая компетентность менеджера образования / Известия Российского государственного педагогического университета имени А.И. Герцена. – 2007. – № 53. – С. 276.
- 3 Веснин В.Р. Практический менеджмент персонала. – Москва: Юрист, 1998. – С. 57.
- 4 Ишанов Е.Х., Мағауова А.С. Қазіргі заманғы ЖОО-ның құрылымдық бөлімшесі басшыларының ақпараттық-басқарушылық құзыреттілігін дамыту // Бюллетень Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2021. – № 3. – С. 113.
- 5 Бичева И.Б., Филатова О.М. Проектирование управленческих компетенций руководителя дошкольной образовательной организации // Вестник Минского университета, 2019. – Том 7. – № 1. – С.45.
- 6 Марьян М.И., Иванихин И.В. Оценка управленческой компетентности руководящих кадров: Методическое пособие. – Москва, 1998. – С. 117.
- 7 Рыскалиев С.Н. Болашақ дене мәдениетінің мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштері // Хабаршы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2020. – № 1 (65). – Б. 237-244.
- 8 Forms. – Текст: электронный // google.com: [сайт]. – URL: <https://docs.google.com/forms/d/1NnLgE5KLrxmUr4ifJSyrIXWХОQd14Vdbfykx4MDjCmk/edit> (дата обращения: 31.06.2022).
- 9 Jamboard. – Текст: электронный // google.com: [сайт]. – URL: <https://jamboard.google.com/d/1Ws18Nt7efYtMznd23nNtBE3DvwGCslSgcg6Wr1WvE0k/viewer?f=0> (дата обращения: 31.06.2022).
- 10 Learningapps. – Текст: электронный // learningapps.org: [сайт]. – URL: <https://learningapps.org/watch?v=pn9ubpv2k22> (дата обращения: 31.06.2022).

## References

- 1 YAs'ko B.A. Formirovanie upravlencheskih kompetencii vracha v sisteme poslevuzovskogo obrazovaniya // Voprosy psihologii – 2015. – № 2. – S.67-77.
- 2 Berlim L.I. Upravlencheskaya kompetentnost' menedzhera obrazovaniya / Izvestiya Rossijskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta imeni A.I. Gercena., – 2007. – № 53 – S. 276.
- 3 Vesnin V.R. Prakticheskij menedzhment personala / Moskva YUrist, 1998. – S. 57.
- 4 Ishanov E.H., Maғаuova A.S. Қазиргі заманғы ЖОО-ның құрылымдық бөлімшесі басшыларының ақпараттық-басқарушылық құзыреттілігін дамыту / Byulleten' Pedagogikalық ғылымдар seriyasy, 2021.- № 3 – S. 113.
- 5 Bicheva I.B., Filatova O.M. Proektirovanie upravlencheskih kompetencij rukovoditelya dokol'noj obrazovatel'noj organizacii / Vestnik Minskogo universiteta, 2019. – Tom 7., -№ 1, – S. 45.
- 6 Mar'in M.I., Ivanihin I.V. Ocenka upravlencheskoj kompetentnosti rukovodyashchih kadrov / Metodicheskoe posobie. Moskva, 1998. – S. 117.
- 7 Ryskaliyev S.N. Bolashaқ дене мәдениетінің мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштері // Habarshy, «Pedagogika ғылымдары» seriyasy, – 2020. – № 1 (65). – B. 237-244.
- 8 Forms. – Текст: elektronnyj // google.com: [sajt]. – URL: <https://docs.google.com/forms/d/1NnLgE5KLrxmUr4ifJSyrIXWХОQd14Vdbfykx4MDjCmk/edit> (data obrashcheniya: 31.06.2022).
- 9 Jamboard. – Текст: elektronnyj // google.com: [sajt]. – URL: <https://jamboard.google.com/d/1Ws18Nt7efYtMznd23nNtBE3DvwGCslSgcg6Wr1WvE0k/viewer?f=0> (data obrashcheniya: 31.06.2022).
- 10 Learningapps. – Текст: elektronnyj // learningapps.org: [sajt]. – URL: <https://learningapps.org/watch?v=pn9ubpv2k22> (data obrashcheniya: 31.06.2022).

### Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)

Рыскалиев Саят Нурболатович –  
Қазақ спорт және туризм  
академиясының докторанты;  
Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: [sayat813@mail.ru](mailto:sayat813@mail.ru)  
ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0001-7552-5088>

### Автор для корреспонденции (первый автор)

Рыскалиев Саят Нурболатович –  
докторант, Казахская академия спорта  
и туризма, г.Алматы, Казахстан  
e-mail: [sayat813@mail.ru](mailto:sayat813@mail.ru)  
ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0001-7552-5088>

### The Author for Correspondence (The First Author)

Ryskaliyev Sayat – doctoral student,  
Kazakh Academy of Sport and Tourism,  
Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [sayat813@mail.ru](mailto:sayat813@mail.ru)  
ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0001-7552-5088>